



# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ СОВЕТ

Журнал  
2004 жылдың шілдесінен  
бастап қазақ және орыс  
тілдерінде шыға бастады

Журнал иждиетсіз с июль  
2004 года на казахском и  
русском языках

Білім күнделікті тәжірибенің  
қсақ түйірлерінен құралады.  
Д. И. ПИСАРЕВ

Мамыр – Май  
Маусым – Июнь

Республикалық  
ғылыми-әдістемелік  
журнал

Республиканский  
научно-методический журнал

## МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

<b>Уақыт. Білім. Ізденіс.</b>	
М. М. Төлендиев. Бар қиынды тек қана білім жеңбек.....	2
Б. Қ. Ноканова. Африканың табиғат зоналары.....	4
М. Т. Нұрсейтенова. Мектеп инспекторы.....	5
Р. Б. Бүтінбаева. Health problems.....	6
К. А. Төлепова. Болашақ ұрпақтың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру.....	7
А. С. Жетекова. Квадрат теңдеулер тақырыбына есептер шығару.....	8
Н. Е. Егемберді. Оқушыларды лидерлікке даярлау.....	9
Ж. С. Мухаметжанова. Алгоритм командалары. Алгоритм құрылымы. Компьютерде есеп шығару кезеңдері.....	13
К. А. Бұзаубақова. Үшбұрыш медианаларына есептер шығару.....	15
Г. А. Шукурова. Закрепление обособленных членов предложения.....	17
Д. Т. Ажиниязова. Жай бөлшектерді бөлу.....	19
Н. Н. Сағиев. Иррационал теңдеулерді шешу әдістері.....	20
К. Т. Досенова. Ғұндар түркілердің арғы атасы.....	21
Л. Ж. Бердалиева. Күз.....	22
Б. Т. Ертуғанова. Есептерді салыстыру. Бекіту сабағы.....	23
А. Н. Дүйсеібекова. «Оттегі. Оксидтер. Жану» тарауын қорытындылау.....	25
Р. А. Жанайбекова. Бәрінен де жақсы. Мәтін.....	26
Б. Ә. Досымбекова. Білім кілті - кітапта.....	27
Б. К. Қаңатбаева. Білімді тиянақтау.....	28
К. К. Елеғаева. Агрессиялық балалармен жұмыс жүргізу.....	29
Л. Ы. Жумадилова. «Жақсы мен жаман» К. Баянбай.....	31
А. Ж. Абдықашова. Имена существительные собственные и нарицательные.....	32
А. Төлеубекқызы. "Ұлы сөзді тындаймыз, Жол тәртібін сақтаймыз!".....	33
А. Е. Кенжебек. Зообакқа саяхат.....	37
Н. А. Салыхарова. Жамбыл Жабаев. «Өтеген батыр» дастаны.....	39
А. К. Бейсекбаева. Зат есім. Зат есімнің жасалуы.....	40
Ж. С. Мамақатова. Тригонометриялық теңдеулерді шешу әдіс-тәсілдері.....	41
А. Ж. Амирова. Әріпті өрнек.....	43
А. Ж. Жанлаулетова. Безличные предложения.....	44
Ж. Қ. Түсінова. Сұрыптау. Сұрыптау, оның міндеттері.....	45
<b>Әдістеме</b>	
Р. Ж. Оразалинова, Г. Жиреншина. Ағылшын тілі негізінде неміс тілін оқытудағы ерекшеліктер.....	47
<b>Асыл қазына</b>	
К. Ж. Дандыбаева. Салт-дәстүр үлгісінде тәрбиелеу.....	49
А. Н. Шарғынова. Халық ауыз әдебиеті.....	50
<b>Кәсіби біліктілік</b>	
Г. М. Құлтайбаева. Бала мен бақша сөзі — өзара үндестікте.....	51
<b>Поликультурное воспитание</b>	
З. К. Құлтаева. Применение методов стимулирования и мотивации деятельности и поведения учащихся.....	52
Г. А. Мамбетова. К вопросу о речевой культуре студента.....	53
<b>Будь профессионалом!</b>	
С. Ф. Молдажарова, А. Б. Хакак. Профессиональная компетентность учителя иностранного языка.....	54

ҚҰРЫЛТАЙШЫ  
ЖПС «БІЛІМ НҰР»

Редакторлар  
М. САРСЕКОВА  
С. БАЙТАНАЕВ

Ақылдастар алқасы:  
Балтабай ӘБДІҒАЗЫҰЛЫ – филология  
ғылымдарының докторы, профессор. Абай  
атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық  
университеті.

Мұхит БЕЛІГБАЕВ – география  
ғылымдарының докторы, профессор.  
Семей мемлекеттік педагогикалық  
институты.

Наталья Николаевна ХАН – доктор  
педагогических наук, профессор. КазНПУ  
им. Абай.

Ж. А. ТӘЖИЕВА – Шымкент қалалық  
білім бөлімінің бастығы.

“Педагогикалық кеңес” –  
“Педагогический совет” журналы  
Қазақстан Республикасы Ақпарат  
министрлігінде 8. 07. 2004 ж.  
Астана қаласында тіркеліп,  
№5208-ж куәлігі берілген.

Басуға 12.06.12 қол қойылды.  
Пішімі 84x108 1/16 Шарғы б. т. 2,5.

Редакцияның мекеме-жайы:  
050002, Алматы қаласы,  
Мақатаев көшесі, 47 (Бесен көш.  
кыялысы), 409-офис.  
тел/факс 8 (727) 397-62-00  
электрондық пошта [M-LTD@mail.ru](mailto:M-LTD@mail.ru)

«Рыскулова» ЖК-де басылды.  
Алматы қаласы, Самал-3, дом 3/4.  
“Педагогикалық кеңес” –  
“Педагогический совет”  
№3 (48), 2012 ж.

Жарияланған материалдар редакцияның көзқа-  
расынан өткізіледі. Фактілер мен мәліметтердің  
дұрыстығына авторлар жауапты. Қалғандары мен  
фотосуреттер ретінде қолданылмайды және қайтарыл-  
майды. Журналға шыққан материалдарды редак-  
цияның келісімісіз қайта басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку  
зрения редакции. Ответственность за достоверность  
фактов и сведений в публикациях несут авторы.  
Рукописи и фотографии не возвращаются и не  
возмещаются. Переписка с читателями редакция не  
ведет. Переписка материалов, опубликованных в  
журнале, допускается только с согласия редакции.

## Ағылшын тілі негізінде неміс тілін оқытудағы кейбір ерекшеліктер

**Р. Ж. ОРАЗАЛИНОВА,**  
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің  
роман-герман тілдері  
кафедрасының аға оқытушысы,  
**Г. ЖИРЕНШИНА,**  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің  
шет тілдер  
кафедрасының аға оқытушысы

Қазіргі таңда Қазақстан мемлекетін және қазақ халқын жер жүзінде білмейтін мемлекет, халық жоқ шығар. Егемендігімізді алып, өз алдына тәуелсіз ел болып, экономикамыз бекіп, халқымыздың әл-ауқаты жақсарып, жастардың болашаққа деген сенімі артып, дамыған 50 мемлекеттің қатарына қосыламыз деген Елбасының Н.Ә. Назарбаевтың жүргізіп отырған жасампаз саясаты арқасында қол жеткізіп отырмыз. Қазақстан мемлекеті әлемдік деңгейде жоғары бағаланып, бүкіл елге паш етілуі біріншіден: Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жеке басының тарихта алатын орны және жыл сайын халыққа жолдаған стратегиялық көрегендік саясаты, екіншіден Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі және бұл бағытта ұстанған саясаты мен нақты атқарылған іс-шаралары туралы 1-2 желтоқсанда 2010 жылы Астанада жоғары деңгейде өткен ЕҚЫҰ-ның саммиті дәлел, үшіншіден Қазақстанда тұратын 130-дан астам ұлт өкілдерінің тәтүтәтті, достықта өмір сүруі және 1995 жылы құрылған Халықтар Ассамблеясының жүргізіп отырған салиқалы саясаты, төртіншіден дүниенің төрт бұрышынан жиналған дін басшыларының қазақ жерінде бас қосуы және 2011 жылы Астанада өтетін Ислам халықаралық конференциясына бүкіл дін өкілдері бас қосатын үлкен шараның бірі болмақ.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Үш тіл – үш тұғыры» деп аталатын көптілділік саясаты елімізде кенінен дамып, қанатын кең жайып, әрбір адам оны санасына тереңдеп сіңіріп, бұл саясаттың жаһандану кезінде өте қажеттігін және өз мүмкіндігінше үйреніп, өз тұрмыс-тіршілігіне, өз жұмыс барысына пайдаланып жатқан жайы бар. Әлемдік тіл-ағылшын тілі десек, батыс және шығыс елдері үшін екінші орында неміс тілін үйренуде. Оған бірнеше дәлелдерді келтіруге болады:

1. Германия мемлекеті бүкіл әлемді толғандырып жүрген үлкен мәселелер турасында көш басшысы болуында. (*Экология, энергияны, суды үнемдеу, қоқысты қысқарту жөнінде т.б.*)

2. Еуропа одағындағы мемлекеттердің екінші тілі – неміс тілі.

3. Неміс тілі төрт елде мемлекеттік тіл болып есептеледі. (*Германия, Австрия, Швейцария, Лихтенштейн*)

4. Германия өкіметіне өз ана тілін уағыздауда, үйретуде және оған қаржылық көмек көрсетіп қолдауда ешбір мемлекет тең келмейді деп санаймыз, себебі жер шарындағы барлық елде тілдік институттар, арнайы неміс тілін тереңдетіп оқытатын мектеп-гимназиялар, тілдік курстар т.б. ашып, неміс тіліне арналған әртүрлі деңгейдегі оқулықтар, газет-журналдар, аудио-видео кассеталар, қажетті құрал-жабдықтарды мектептен бастап жоғары оқу орындарына дейін тегін үлестіріп, бір айлық, не бір апталық неміс тілінде фильмдер тегін көрсетіледі, түрлі олимпиада, көрме-мұражайларға, концерттік бағдармалар ұйымдастырылады, қатысам деушілерге есік ашық. Жыл сайын Қазақстанда жұмыс атқаратын неміс тілді халықаралық,

қоғамдық ұйымдардың арқасында республика көлемінде неміс тілі пәнінің мұғалімдерінің кезекті съезі өтіп тұрады. Бұл съезге Германиядан семинар жүргізуге арнайы ғалымдар мен әдіскерлер шақырылады. Республиканың түкпір-түкпірінен неміс тілі пәнінің мұғалімдері қатысады, пікірталастар туындап жатады, тілдік ком-муникацияға мүмкіншілік туады, нәтижесінде бір-бірімен тәжірибе алмасады, көптеген тың ақпараттар, жаңа инновациялық әдістемелерімен танысып, қажетті оқулықтар мен көрнекті құрал-жабдықтарды тегін алуға болады, съезд болған күндері сый-сияпаттары: түскі асы, орналасатын қонақ үйі, келіп-қайтудағы жол жүру билеттеріне дейін қаржы бөліп, жан-жақты қамқорлық жасайды.

Мақалада айтылатын ой – ағылшын тіліне сүйене отырып, неміс тілін оқыту және оның әдістемелері жайында. Екі тілдің айырмашылықтарынан гөрі ұқсастық жақтары көбірек, сондықтан ағылшын тілін білетін адамға неміс тілін үйрену жеңіл болады. Атап айтсақ:

1. Ағылшын және неміс тілдері роман тобына жататындықтан алфавиті – латын.

2. Неміс тілінде ағылшын тілінен енген сөздер көптеп кездеседі, әсіресе экономика саласында.

3. Орфографиялық жағынан ұқсас сөздер бар, бірақ айтылуы жағынан басқаша естіледі.

4. Халықаралық сөздер.

Міне, осындай екі тілдің ұқсастықтарын пайдалана отырып, енді екінші тілді оқытуда қандай әдістемелерді ұтымды деп есептейміз деген мәселе туады. Оқу жұмыс бағдарламасында әр курсқа арналған тақырыптар

және грамматикалық материалдар көрсетіледі. Мысалы: 1 курста «Қала және қала ішінде жол жүру» деген тақырыпты алсақ, жоғарыда атап кеткен ұқсастықтарды көрсете білу керек.

1. Orthografie – deutsch und englisch

Orthography – German and English		
Englisch	Deutsch	
bus		
hotel		
park		
street		
come		

2. Englische Wörter im Deutsch

Englische words in German		
Englisch	Deutsch	
jobben		
city		
stoppen		
tram		
club		
...		

3. Deutsch ist international.

German is international.		
Englisch	Deutsch	
taxi		
metro		
police		
music		
sport		
...		

4. Bilden Sie aus dem 'Wörtersalat' rechts deutsche Komposita.

Englisch	Deutsch	Woche
worktime	Taxi	Fuss
greenlight	Arbeits Weg	Grün
weekend	Bus Ende	Zeit
footway	Licht Schul	Fahrer
taxidriver	schoolbus	

5. Falsche Freunde

False friends		
Englisch	Deutsch	Deutsch
become	werden	bekommen
current		
famous	berühmt	famos
gift	das Geschenk	das Gift
poison		
...		

6. Жазылуы бірдей, бірақ басқа

мағынаны білдіретін сөздері бар сөйлемдерді қазақ не орыс тіліне аударғанда мұқият болу керек.

Мысалы:

Deutsch  
Er nahm sich mit Gift das Leben.

Englisch  
She got a nice gift at the birthday.

Kasachisch  
Ол өз өмірін уландырды.

Kasachisch  
Ол өзінің туған күніне әдемі сыйлық алды.

Russisch  
Он отравил свою жизнь.

Russisch  
Она получила на свое день рождение красивый подарок.

7. Екінші тілді, неміс тілін оқытуда, мәтінмен жұмыс үстінде әртүрлі әдістемелерді қолдануға болады:

8. Белгілі тақырыпқа сәйкес ағылшын тілінде мәтінді алып, оның ішінен кейбір сөздер немесе сөз тіркестерін неміс тілінде қалай аударылатынын жазбаша орындау;

9. Ағылшын тіліндегі мәтіннің кейбір сөйлемдерін ғана неміс тіліне жазбаша аудару;

10. Ағылшын тіліндегі мәтіннің ішінен сан есімдерді, халықаралық сөздерді, қысқартылған сөздерді, жер, су атаулары мен кісі есімдерін табу;

11. Ағылшын тіліндегі мәтіннің неміс тіліндегі нұсқасын бере отырып, осыған дейінгі істеліңген жұмыстарды салыстырып, қаншалықты деңгейде неміс тілін игергендерін білуге мүмкіншілік туады.

Жоғарыда ағылшын және неміс тілдерінің ұқсастық жақтарын баяндауға тырыстық. Енді екі тілдің айырмашылықтары да барын айтқымыз келеді, ол өзінше бір тақырып болмақ, тек үстіртін айтсақ: неміс тілінде сөйлемдегі сөз тәртібі қатаң сақталады; неміс тілі грамматикасында кейбір сөз таптарының жасалуы мен қолданылуында ағылшын тілімен салыстырғанда айырмашылық бар; (*Zam esim, san esim, emistik т.б.*) Бірақ осы айырмашылықтардың негізгі жасалу мен қолданылу тәсілін үйреніп алса, оншалықты қиынға түспейді деп ойлаймын.

Ойымды қорыта айтсам, ағылшын тіліне сүйене отырып, неміс тілін оқыту және үйрену жеңіл, әрі қызықты, өйткені екі тілдің көп ұқсастықтары бар, бір жағынан еске сақтауға, екінші жағынан екі тілді салыстыру арқылы сол тілге деген ынтасы, қызығушылығы артады.

Қазақстан мен Германияның арасындағы өзара тығыз байланыс үрдісі жалғаса берсін!

Барлық сала бойынша атқарылып жатқан жобалық жұмыстар мен игі іс-шаралар жүзеге асырыла берсін! Осындай игі шараның бірі – неміс тілін ағылшын тілінің деңгейіне көтеру болса, Елбасының көптілділік саясаты өкімет тарапынан батыс тілдерге (*ағылшын тілінен басқа*) дұрыс көзқараста болып, қолдау тауып жатса, біз, неміс тілі пәнінің мұғалімдері, дән ризашылығымызды білдіреміз.

Алматы қаласы

*Ағылшын және неміс тілдері ең көп тараған герман тілдері болып табылады, оларда ана тілі ретінде сөйлейтіндердің саны тиісінше шамамен 400 және 100 миллион адамды құрайды. Бұл топқа басқа да ірі тілдер жатады: сөйлеушілер саны 23 миллион голланд тілі, 16 миллион адам сөйлейтін африкаанс тілі, ал солтүстік герман тілдеріне жататын төрт тіл: норвег, швед, исланд және фарер тілдерінде сөйлеушілердің жалпы саны — 20 миллион адам. SIL ұйымы құрастыратын Ethnologue тізімінде 53 түрлі герман тілдері келтірілген.*

[kk.wikipedia.org/wiki/](http://kk.wikipedia.org/wiki/)